

**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің
«Шетел тілдері» кафедрасы 2023 жылдың 10 қазаны сағат 13:10да
тәрбиелік іс-шара: «Тіл – ұлттың жаны» атты Қазақстан халқы
тілдерінің фестивалін өткізеді**

Іс-шара «Жастар әлемі» ғимаратында өтеді.

Мақсаты: Тілді ұлт мұрасы ретінде таныстыру арқылы студенттерді өзге ұлт өкілдерінің тілдеріне, мәдениетіне құрметпен қарауға, мемлекеттік тілді білуге қызығушылыққа баулу, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Студенттердің қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білуге құштарлығын қалыптастыру.
2. Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеуге қызығушылықтарын ояту.
3. Әртүрлі тілдерді құрметтеуге, үйренуге, білуге деген құштарлықты тәрбиелеу.

Қазақстан халқының тілдері күні елімізде тарихи қалыптасқан этносаралық қатынастар үлгісінің көрінісіне айналды. Қазақстан Республикасындағы бейбітшілік пен келісім саясаты мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылады және заңмен бекітіледі. Мемлекетіміздің саясаты Қазақстан халқының теңдігін, оны мекендеген халық ұлттарының әртүрлілігіне қарамастан, нығайтуға бағытталған. Мемлекеттік тіл саясатының қағидасы Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарында айқындалған.

«Тіл – ұлттың жаны» атты танымдық іс-шара барысында студенттер әртүрлі ұлттардың өнер элементтерін көре алады, сонымен қатар мақсаты студенттерді әртүрлі тілдермен таныстыру болып табылатын ойындарға қатысады.

Сіздерді іс-шарамыздың көрермені болуға шақырамыз!